

Жаңа Жанбай елді мекенінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 8 шешімі. Атырау облысының әділет департаментінде 2015 жылғы 20 сәуірде № 3180 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 19.06.2015 № 13 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Исатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 10 наурыздағы № 11 ұсынысына сәйкес, ауылдық округі әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңа Жанбай елді мекені аумағында құтыру ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Исатай аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нарын ауылдық округі	
әкімінің міндетін атқарушы	Р. Такенов

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Исатай аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
бас дәрігері
О. Мерешов
2015 жылғы 6 сәуір

"Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
комитетінің Атырау облысы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің Исатай
аудандық тұтынушылардың құқықтарын
қорғау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
О. Шакесова
2015 жылғы 6 сәуір

ИАОА _____ ИАТҚҚБ _____